

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-н
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама**

Шардара қаласы

«28» маусым 2024 жыл

Кіріспе бөлім:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК басшысы М.Сейтхановтың «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 02.05.2024 жылғы №141 н/қ бұйрығы;

Шардара аудандық орталық ауруханасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

1. Молдаханов Нургали Сламидинович – басшысының емдеу ісі жөніндегі орынбасары;
2. Кубелекова Куралай Толеновна – Басшының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары;
3. Кабылова Жулдызай Кадирбековна - Кадр бөлімінің басшысы;
4. Дуйсенова Роза Досыбаевна – Жоспарлау-үнемдеу бөлімінің басшысы;
5. Сулейменов Мурат Базарбекович – Заңгер кеңесшісі;

Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

17.05.2024 – 28.06.2024 ж.

Ішкі талдау қамтыған кезең:

2023 жылдың 2-ші жарты жылдығы мен 2024 жылдың 5 айы аралығы.

Ішкі талдау барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жасау кезінде кедергі жасау немесе шектеу болған жоқ.

Ішкі талдау келесідей бағыттарда жүргізілді:

- 1) Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

СИПАТТАМА БӨЛГІ

Бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады.

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілерді және басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау аурухана басшысының бұйрығы негізінде құрылған комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады. Комиссия мүшелер саны бес адамды құрайды. Жұмысқа орналасуға үміткерлер өз біліктілігін jumys.snation.kz порталы арқылы тесті тапсырып, одан өткен үміткер аурухананың жұмысқа қабылдау комиссиясының алдында билеттер алып, сұрақтарға жауап беру арқылы тиісті баға беріле отырып, хаттамамен бекітіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 14-бабының талаптарына сәйкес, басшымен тікелей бағыныстылықта жұмыс жасайтын туыстық қатынастағы қызметкерлер жоқ. Қызметкерлер арасында туыстық қатынастағы қызметкерлер туралы уәкілетті органдарға тиісті тізім жолданған.

Кәсіпорында 2023 жылдың 2-ші жартыжылдығында барлығы – 2321 бұйрық шығарылған. Оның ішінде негізгі құрам бойынша – 1440, негізгі құрам бойынша – 171, қалған – 710 бұйрық іссапар бұйрығы.

Мүдделер қақтығысы жоқ.

Кәсіпорында 2-16-92 «сенім телефон» жұмыс істейді. Адамдар көп шоғырланатын орындарда сыбайлас жемқорлық көріністері, оның тигізетін зардаптары туралы түсірілген видеороликтер теледидар арқылы көрсетілуде. Сондай-ақ, ауруханада сыбайлас жемқорлық фактісіне тап болған жағдайда, CALL орталығына немесе аурухана басшылығына хабарласу қажеттігі туралы ескертпелер ілінген.

Аудандық емханаға кіре берісінде ілінген арыз-шағым, хабар, үн қосуға арналған жәшікте жолданымдар түскенпеген.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша қызметкермен денсаулық жағдайына байланысты еңбек шартын тоқатқанда, өтінішке қоса қызметкердің денсаулығы туралы дәрігерлік комиссиялық консультацияның қорытындысы қоса ұсынылмаған.

Мекемеге қатысты кейбір бұйрықтардың негіздемелері дұрыс қойылмаған. Мекеме қызметкерлер бұйрықтармен ішінара таныстырылған. Мекемеде зейнеткерлік жасқа жетіп, еңбек шартын бұзған қызметкерлердің бұйрықтары заңнама талаптарына сай бұзылмаған. Бұл өз кезегінде төленуі тиіс төлемақының төленбау тәуекелін тудыруы мүмкін.

2. Кәсіпорынға бөлінген бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстарды, тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу, заңнама талаптарына сай жылдық жоспар бекітіліп, электрондық веб-порталда жарияланады. Осығай орай, барлық мемлекеттік сатып алулар, бекітілген жылдық жоспарға сай жүзеге асырылады. Өткізілген мемлекеттік сатып алулардың барлық тәсілдері, сондай-ақ конкурстық құжаттамалар, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырулар, конкурсқа қатысуға өтініш ашу, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамалар

Қазақстан Республикасының бірінғай мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ашық өткізіледі.


Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алулар бойынша жасалған келісім шарттар Мемлекеттік сатып алу заңнама талаптарына сәйкес рәсімделген. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.


Қорытынды:


Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК – ң сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:


1. Денсаулығына байланысты еңбек шартын бұзу жөніндегі бұйрықтарды Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнама талаптарына сәйкестендіру;
2. Мекеме бұйрықтарындағы негіздемелерді нақтылау;
3. Мекеме бұйрықтарымен қызметкерлерді толық таныстыру жұмыстарын қадағалау;
4. Мекемеде зейнетке шыққан қызметкерлердің бұйрықтарын заңнама талаптарына сәйкестендіру;

Жұмыс тобының мүшелері:

Н.Молдаханов 

К.Кубелекова 

Ж.Кабылова 

Р.Дуйсенова 

М.Сулейменов 